

## Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 қаңтарда № 18214 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### РҚАО-ның ескертпесі!

### Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 59-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және Қағидалардың 6-тармағының 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 6) тармақшасын қоспағанда, 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 қарашадағы  
№ 294 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 59-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-

тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу тәртібін және сатып алынған шетел валютасын пайдалану мақсаттарын, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.02.2023 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін және сатып алынған шетел валютасын пайдалану мақсаттарын мониторингтеу екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, "Қазпочта" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банктер), шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банктер болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың (бұдан әрі – кәсіби қатысушылар) және олардың клиенттерінің ішкі валюта нарығындағы операциялары, клиенттердің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы және шетел валютасындағы банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздері және сатып алынған шетел валютасын пайдалану мақсаттары жөніндегі ақпаратты (бұдан әрі – есептер) банктер және кәсіби қатысушылар ұсынады.

4. Қағидалардың мақсаттары үшін банктің клиенттеріне заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілерді қоса алғанда, резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы банкте банктік шоттары ашылған филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.

Қағидалардың мақсаттары үшін кәсіби қатысушының клиенттеріне заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілерді қоса алғанда, резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы кәсіби қатысушы брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар жасасқан олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.

5. Есептерді жасау кезінде операцияларды жіктеу есептердің нысандарында көзделген нақтылау ескеріле отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Есептердің нысандары мен ұсыну мерзімдері

6. Есептер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) орталық аппаратына электрондық форматта ұсынылады және мыналарды қамтиды:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.03.2020 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Банк есептері клиенттердің барлық банктік шоттары және шетел валютасындағы банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша ақпарат, сондай-ақ бір банктің клиенттері арасындағы операциялар мен бір клиенттің шетел валютасындағы банктік шоттары бойынша ақша аударымдары жөніндегі мәліметтер негізінде банктің тұтас жүйесі бойынша ұсынылады.

Кәсіби қатысушының есебі кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алу және сату көлемін және шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын жүзеге асырған клиенттер санын көрсетеді.

8. Банктер Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген есептерді Ұлттық Банкке есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде ай сайын ұсынады.

Кәсіби қатысушылар Қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасында көзделген есепті Ұлттық Банкке есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде ай сайын ұсынады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Егер есептерді ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс емес күніне келсе, одан кейінгі жұмыс күні есептерді ұсыну мерзімінің аяқталған күні болып саналады.

Қазақстан Республикасының  
ішкі валюта нарығында  
сұраныс пен ұсыныс  
көздерін мониторингтеу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған  
нысан

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазпошта" акционерлік қоғамы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, ай сайын.

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

теңгемен

№	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	Барлығы	резиденттер	бейрезиденттер
				оның ішінде резиденттермен/ бейрезиденттермен операциялар бойынша	оның ішінде резиденттермен/ бейрезиденттермен операциялар бойынша

				резиденттер мен	бейрезидент термен	резиденттер мен	бейрезидент термен
A	Б	В	1	2	3	4	5
1-бөлім. Шетел валютасының клиенттер пайдасына түсуі							
1	Барлығы	10000					
2	оның ішінде :						
3	контрәріпте стердің жеке тұлғаларды ң/ заңды тұлғаларды ң банктік шоттарына төлемдері және ақша аударымдар ы:	11000					
4	жеке тұлғаларды ң	11100					
5	заңды тұлғаларды ң	11200					
6	оның ішінде мынадай операцияла р бойынша:						
7	тауарлар мен материалды қ емес активтерді сату	11210					
8	қызметтер көрсету	11220					
9	берілген қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын және кіріс алу	11230					
10	қарыздар тарту	11240					
	бағалы қағаздармен ,						

11	вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	11250					
12	басқа да ақша аударымдары	11260					
13	банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жасалған аударымдар	12000					
14	клиенттердің өз банктік шоттарынан ақша аударымдары	13000			X	X	
15	оның ішінде:						
16	резидент банктерде ашылғаны	13001			X	X	
17	бейрезидент банктерде ашылғаны	13002			X	X	
18	теңгеге шетел валютасын сатып алу	14000					
19	оның ішінде:						
20	жеке тұлғалардың сатып алуы	14100					
21	заңды тұлғалардың сатып алуы	14200					
	қолма-қол шетел валютасын						

22	банктік шоттардың есебіне жатқызу	15000					
23	оның ішінде :						
24	жеке тұлғалардың алуы	15100					
25	заңды тұлғалардың алуы	15200					
2-бөлім. Клиенттердің шетел валютасын алуы және (немесе) аударуы							
26	Барлығы	20000					
27	оның ішінде :						
28	контрәріптестерге банктік шоттардан жүргізілетін төлемдер және ақша аударымдары:	21000					
29	жеке тұлғалардың	21100					
30	заңды тұлғалардың	21200					
31	оның ішінде мынадай операциялар бойынша:						
32	тауарлар мен материалдық емес активтерді сатып алу	21210					
33	көрсетілетін қызметтерді алу	21220					
34	қарыздар беру	21230					
35	қарыздар бойынша	21240					



	міндеттемелерді орындау						
36	бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар:	21250					
37	басқа да ақша аударымдары	21260					
38	банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар	22000					
39	клиенттердің өз банктік шоттарына ақша аударымдары	23000			X	X	
40	оның ішінде:						
41	резидент банктерде ашылған	23001			X	X	
42	бейрезидент банктерде ашылған	23002			X	X	
43	теңгеге шетел валютасын сату	24000					
44	оның ішінде:						
45	жекелі тұлғалардың сатуы	24100					

46	заңды тұлғалардың сатуы	24200					
47	өз банктік шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алу	25000					
48	оның ішінде :						
49	жеке тұлғалардың алуы	25100					
50	заңды тұлғалардың алуы	25200					

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**Клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп (индексі – 1-INV, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – 1-нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. 1-нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді.

3. 1-нысанды екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазпошта" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктер) шетел валютасының түсу көздері мен пайдалану бағыттары бойынша бөле отырып толтырады.

4. 1-нысан мынадай екі бөлімнен тұрады:

1-бөлім – Шетел валютасының клиенттер пайдасына түсуі;

2-бөлім – Клиенттердің шетел валютасын алуы және (немесе) аударуы.

5. 1-нысандағы деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

6. Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша валюталау күніне қайта есептеліп көрсетіледі

7. 1-нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. 1-нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

8. 1-нысанды толтыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі :

1-баған барлық жолдар бойынша 2, 3, 4, 5-бағандардағы сомаға тең;

коды 10000 жол = коды 11000 жол + коды 12000 жол + коды 13000 жол + коды 14000 жол + коды 15000 жол;

коды 11000 жол = коды 11100 жол + коды 11200 жол;

коды 11200 жол = коды 11210 жол + коды 11220 жол + коды 11230 жол + коды 11240 жол + коды 11250 жол + коды 11260 жол;

коды 11240 жолда қарыздарға клиенттер есеп беретін банктен тартқан қарыздар да кіреді;

коды 11260 жолда басқа да ақша аударымдарына төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген аударымдар да кіреді;

коды 13000 жол = коды 13001 жол + коды 13002 жол;

коды 13001 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған өздерінің банктік шоттарынан ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған банктік шотынан ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 14000 жол = коды 14100 жол + коды 14200 жол;

коды 15000 жол = коды 15100 жол + коды 15200 жол;

коды 20000 жол = коды 21000 жол + коды 22000 жол + коды 23000 жол + коды 24000 жол + коды 25000 жол;

коды 21000 жол = коды 21100 жол + коды 21200 жол;

коды 21200 жол = коды 21210 жол + коды 21220 жол + коды 21230 жол + коды 21240 жол + коды 21250 жол + коды 21260 жол;

коды 21240 жолда қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау операцияларына клиенттердің есеп беретін банктен тартқан қарыздары бойынша міндеттемелерді орындау операциялары да кіреді;

коды 21260 жолда басқа да ақша аударымдарына төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген аударымдар да кіреді;

коды 23000 жол = коды 23001 жол + коды 23002 жол;

коды 23001 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған өздерінің банктік шоттарына ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған өздерінің банктік шоттарына ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 24000 жол = коды 24100 жол + коды 24200 жол;

коды 25000 жол = коды 25100 жол + коды 25200 жол.

9. 1-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күніне дейін (қоса алғанда) енгізіледі.

10. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда 1-нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының  
ішкі валюта нарығында сұраныс  
пен ұсыныс көздерін  
мониторингтеу қағидаларына  
2-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған  
нысан



	ы "											
	АҚ-та											
5	банкар алық нарықт а	110003										
6	Банкті ң шетел валюта сын сатуы	120000										
7	оның ішінде:											
8	банкті ң клиент теріне	120001										
9	" Қазақс тан қор биржас ы " АҚ-та	120002										
10	банкар алық нарықт а	120003										
11	Төлем картал арын пайдал ана отыры п және ақша аудары мдары жүйеле р і арқыл ы клиент тердің операц иялары кезінде банкті ң клиент теріне	130000		X	X		X					



6	оның ішінде клиенттердің шетел валютасындағы өз банктік шоттарының есебіне жатқызылды	212400					
7	оның ішінде мына мақсаттар үшін:						
8	қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу (уәкілетті ұйымдар)	212410			X		X
9	төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру	212420					
10	оның ішінде мына операциялар бойынша:						
11	тауарлар мен және материалдық емес активтерді сатып алу	212421					
12	Көрсетілетін қызметтерді алу	212422					
13	капиталға қатысу бойынша дивидендтер мен өзге кірісті төлеу	212423					
14	қарыздар ұсыну (беру)	212424					



15	қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау	212425					
16	бағалы қағаздармен операциялар	212426					
17	басқа да	212427					
18	резидент банктердің жинақ салымдарына орналастыру	212430					
19	бейрезидент банктердегі шоттарға жеке қаражатты аудару	212440					
20	Банк клиенттерін ің шетел валютасын сатуы	220000					
21	оның ішінде :						
22	жеке тұлғалардың сатуы	221000					
23	оның ішінде клиенттердің ұлттық валютадағы өз банктік шоттарының есебіне жатқызылды	221400				X	X
24	заңды тұлғалардың сатуы	222000					
25	оның ішінде клиенттердің ұлттық валютадағы өз банктік шоттарыны	222400					X

ң есебіне жатқызыл ы					X	
----------------------------	--	--	--	--	---	--

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

**Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп (индексі – 2-INV, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – 2-нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.

2. 2-нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді.

3. 2-нысанда екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазпошта" акционерлік қоғамы" (бұдан әрі – банктер) банктің (1-бөлім. "Банк операциялары") және банк клиенттерінің (2-бөлім. "Банк клиенттерінің операциялары") шетел валютасын сатып алу және сату көлемін көрсетеді.

4. 2-нысанда базалық активті валюталау күніне нақты жеткізе отырып, шетел валютасын теңгеге, сол сияқты басқа валютаға сату және сатып алу көлемдері көрсетіледі.

2-нысандағы деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер "Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша валюталау күніне қайта есептеліп көрсетіледі.

5. 2-нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. 2-нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1-бөлімнің және 2-бөлімнің 1-бағаны бойынша сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының жалпы көлемдері теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 2, 3, 4, 5-бағандары бойынша. тиісінше, теңгеге және басқа шетел валютасына сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуроның (EUR), Ресей рублінің (RUB) және Қытай юанінің (CNY) көлемі тиісті валюта бірліктерінде көрсетіледі. 1-бөлімнің 6-бағаны бойынша теңгеге сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының көлемі көрсетіледі. 1-бөлімнің 7, 8, 9, 10-бағандары бойынша. тиісінше, теңгеге сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуроның (EUR), Ресей рублінің (RUB) және қытай юанінің (CNY) көлемі тиісті валюта бірліктерінде көрсетіледі.

2-нысанды толтыру үшін банктің қолма-қол және қолма-қол емес шетел валютасымен (блоттер) мәмілелерді тіркеу журналы пайдаланылады.

7. 1-бөлімнің кодтары 110000 және 120000 жолдарына банк клиенттерімен айырбастау операциялары (банктің айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғалармен операцияларды қоспағанда) және Қазақстан қор биржасы мен банкаралық нарықта жасалған операциялар бойынша мәліметтер кіреді.

8. 2-бөлімде деректер шетел валютасын теңгеге және басқа шетел валютасына сатып алу (сату) операциялары, сондай-ақ резидент клиенттер және бейрезидент клиенттер жүзеге асыратын операциялар бойынша көрсетіледі.

2-бөлімге жеке тұлғалардың шетел валютасын банктің айырбастау пункттері арқылы сатып алуы (сатуы) бойынша операциялары кірмейді.

9. 2-нысанды толтырған кезде мына талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:  
коды 110000 жол >= коды 110001 жол + коды 110002 жол + коды 110003 жол;

коды 120000 жол  $\geq$  коды 120001 жол + коды 120002 жол + коды 120003 жол;  
2-бөлімде барлық жолдар бойынша 1-баған 2, 3, 4, 5-бағандардың сомасына тең;  
коды 210000 жол = коды 211000 жол + коды 212000 жол;  
коды 211000 жол  $\geq$  коды 211400 жол;  
коды 212000 жол  $\geq$  коды 212400 жол;  
коды 212400 жол = коды 212410 жол + коды 212420 жол + коды 212430 жол + коды 212440 жол;

коды 212420 жол = коды 212421 жол + коды 212422 жол + коды 212423 жол + коды 212424 жол + коды 212425 жол + коды 212426 жол + коды 212427 жол;

коды 220000 жол = коды 221000 жол + коды 222000 жол;

коды 221000 жол  $\geq$  коды 221400 жол;

коды 222000 жол  $\geq$  коды 222400 жол.

2-нысанды толтырған кезде 2-нысанның және 1-нысанның деректерін төмендегідей келісу қамтамасыз етіледі:

2-нысанның 2-бағанының коды 211400 жолы = 1-нысанның коды 14100 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 211400 жолы = 1-нысанның коды 14100 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 212400 жолы = 1-нысанның коды 14200 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 212400 жолы = 1-нысанның коды 14200 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 221400 жолы = 1-нысанның коды 24100 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 221400 жолы = 1-нысанның коды 24100 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 222400 жолы = 1-нысанның коды 24200 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 222400 жолы = 1-нысанның коды 24200 жолы (4-баған + 5-баған).

10. 1-бөлімнің коды 130000 жолында банк клиенттерінен (клиенттерге) шетел валютасын теңгеге сатып алу (сату) бойынша, төлем карталарын пайдалана отырып және ақша аударымдары жүйелері арқылы клиенттердің операцияларына ілеспе нетто-позиция қамтылады, бұл ретте сатып алынған валюта клиенттің банктік шотына есептелмейді. Деректер нетто-сатып алу үшін оң мәнмен және нетто-сату үшін теріс мәнмен нетто-негізде көрсетіледі.

11. 2-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін (қоса алғанда) енгізіледі.

12. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда 2-нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының  
ішкі валюта нарығында сұраныс  
пен ұсыныс көздерін  
мониторингтеу қағидаларына  
3-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған  
нысан

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 3-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазпошта" акционерлік қоғамы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, ай сайын.

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

валюта бірлігінде

№	Барлығы	1	...
Клиенттің атауы			
Клиенттің бизнес сәйкестендіру нөмі	оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде) Барлығы (	оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде) Барлығы (	оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде) Барлығы (





























Клиенттердің тізбесіне Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын, операциялары ішкі валюта нарығында шетел валютасына ұсыныстың немесе шетел валютасына сұраныстың негізгі көлемдерін қамтамасыз ететін бейрезидент заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері кіреді.

Клиенттердің тізбесін Ұлттық Банк жаңартып отырады және жаңартылуына қарай банкке жазбаша түрде жіберіледі.

4. 3-нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. 3-нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-нысан банктің Клиенттер тізбесіне кіретін әрбір клиенті үшін толтырылады. 3-нысан банк клиенттерінің шетел валютасындағы банктік шоттарының жалпы жай-күйін көрсетеді: банк клиенттерінің банктік шоттары, оның ішінде АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі және Қытай юані валюталарында ашылған банктік шоттары бойынша операциялар нәтижесінде болған, есепті кезеңдегі өзгерістерді белгілей отырып, кезеңнің басындағы және соңындағы қалдықтарды көрсетеді. Қорытынды баған бойынша деректер теңгемен толтырылады, валюта түрлері бойынша бағандар банктік шоттың валюта бірліктерімен толтырылады.

6. 3-нысанды толтырған кезде банк клиенттің төлемін (аударымын) банктік шот валютасынан басқа валютамен жүргізген жағдайда, төлем (аударым) валюта конвертациясы ретінде емес, дәл мәнімен көрсетіледі.

